

«БЕКІТЕМІН»

Қарасу негізгі мектебінің
мектебінің директоры

М. Ж. Аманғалиева

« 31 » 08 * 2022 жыл

«КЕЛІСЕМІН»

Қарасу негізгі мектебінің
тәрбие ісі орынбасары

А. Дуйсегалива

« 31 » 08 * 2022 жыл



***Ұшқыр ой алаңы «Парасат» дебат үйірмесінің
күнтізбелік-тақырыптық жоспары***

Үйірме жетекшісі: Мұқышов Б.Қ

2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

Пікірсайыс (дебат) – бұл негізгі ережелері бойынша жүргізілетін дискуссияның негізгі формасын ұсынатын интеллектуалды, ұтымды ой, үздік образ, шешендік сөздер тудыратын дарындылар ойыны және тұжырымды ой түйсетін, саликалы пікір айтылатын жиын. Елбасымыздың «Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман» сөзінен ой түйетініміз, бүгінгі жаһандану дәуірінде Қазақстан сияқты жас мемлекеттің ары қарай дамуы үшін өз болмыс-бітімін, ана тілін, ұлттық рухын, намысын сақтап қалу, бүгінгі қоғамның ашындыратын мәселелерін талқылап, жастардың бойындағы патриоттық сезімін күшейту, студенттер арасындағы достық сезімді нығайта отырып, оларды қоғамдағы әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге шақыру.

Пікірсайыс немесе дебат грек тілінен «оқимын», ал француз тілінен «талқылау» деген мағынаны білдіреді. Дебат – аргумент арқылы жеңу. Онда қарсы тараптар қоғамды өз сөзіне сендіруі керек. Пікірсайыс – белгілі ереже бойынша қарсы тараптың өз позициясын қорғап, көпшілік алдында сөйлеуі. Ол ораторлық қабілет пен ойлау жүйесін дамытады. Пікірсайыста **маңыздысы** – аргумент, бірақ әр түрлі риторикалық әдістер, аудиториямен жұмыс істеу қабілеті ескеріледі. Ол – шешендік өнердің бір түрі, риториканың бір бөлігі. Демократиялы елдерде президент сайлауы пікірсайыс арқылы өтеді. Дебаттар логикалық және сыни тұрғыдан ойлауды, коммуникативті мәдениетті және халыққа сөйлеу дағдысын дамытады, өздігінен шешім қабылдауға дайындайды, қоғамның болашақ көшбасшылары ретінде тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

Пікірсайыстың пайдасы:

- Тұлғалық дамуға және көшбасшылық қабілетті арттыруға,
- Сұрақ қою, логикалық және сыни тұрғыдан ойлануға көмектеседі.
- Ақпаратты іздеу, жинау, талдап, өзгеге ұсына алу дағдысын қалыптастырады.
- Топпен жұмыс істеу, тиімді қарым-қатынас орнату тәжірибесін береді.
- Көпшілік алдында сенімді сөйлеу, назарын өзіне аударту, қызығушылығын ояту технологияларын үйретеді.
- Өз пікірін қорғау және қарсыластың дәлелдерін жоққа шығару жолдарын көрсетеді.

Бұл – әсіресе, мектеп оқушылары үшін пайдалы қабілеттер. Өйткені қазіргі кезде жас жеткіншектер өз ойын анық, еркін жеткізуге киналады. Ал пікірсайыс технологиясы арқылы бұл кедергіні жеңеді. Пікірсайысты педагогика ретінде қарастыру арқылы жаңаша білімді оңай әрі тез қабылдап, оны тек формальды емес, практикалық тұрғыда мәнісін түсінеді. Пікірсайыс тақырыптары барлық саланы қамтығандықтан, жан-жақты базалық білімі қалыптасады. Ал, ол мамандық таңдауда әсер ететіні сөзсіз. Өйткені әр сала жайында сөз қозғап, жақын араласқан адамның сол туралы нақты ойы қалыптасады. Осылайша қалауы анық, таңдауы нық болады.

Пікірсайыс – жетістікке жетудің бір құралы. Н.Бонапарт бұл туралы: «Кімде-кім дұрыс сөйлей алмаса, соның мансап жолы дұрыс құрылмайды» деген. Пікірсайыс ойды жүйелеп, өткір сөйлеп қана қоймай, тыңдап, талдау, эмоцияны ақылға билету, мәселенің мәнін ашып, әр тарапты түсіну мүмкіндігін де сыйлайды.

Курстың мақсаты:

Дебат - бұл ғылым. Ол философиялық, психологиялық, этикалық, саяси, лингвистикалық ғылым. Осы жан - жақты ғылымды оқушы бойына сіңіру, оны тереңдете меңгерту, өзін қоғамда еркін ұстайтын тұлға қалыптастыру - бүгінгі күннің басты талабы.

«Балалардың бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар» деп Т.Фуллер айтпақшы, жас ұрпақ бойындағы қабілет - қарымын тамыршыдай тап басып бағыт берсе, жасампаздық қасиеттерді бойына сіңіріп өсетін, нағыз ұлтын сүйер азаматтар елінің тағдырына бей - жай қарай алмайтын, келешегі көркем жастар қалыптасар еді.

Курстың міндеті:

Бұл курстың басты міндеті - оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, жұрт алдында сөйлеу қабілетін дамыту, өмірлік құндылықтарды саналы түрде қалыптастыруды үйрету, сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарға мән бере отырып, шешен сөйлеуге, шешендік өнерді үйренуге машықтандыру болып табылады

Дебат - айтысу этикасын сақтауға, шыншыл болуға тәрбиелейді;

Дебат - өзгенің пікіріне құрметпен қарап, пікірталастыруға үйретеді;

Дебат - анық, әсерлі, нақты сөйлеуге үйретеді, бір мезгілде жазу, ойлау, айту қабілетін жетілдіреді;

Дебат - өмірдің мәнін танып білуге, ізденімпаздыққа, сезімталдыққа, мәдениетті болуға машықтандырады.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1. Өзінің ұстанып отырған бағытын дұрыс екендігін дәлелдеп шығу;
2. Кез келген проблеманы не ақпаратты өзіндік тәжірибе (өмірлік, кәсіби) тұрғысынан қарастыру;
3. Мәселе бойынша өзіндік пікір, түсінік, көзқарас қалыптастыра білу;
4. Ақпаратты шығармашылық тұрғыдан түрлендіру;
5. Шешім қабылдауда басқалармен тиімді түрде ынтымақтасу;
6. Сөз саптай білу, уақытты тиімді пайдалану;

Курстың өзектілігі:

Өмір көптеген проблемалардан тұрады емес пе? Ал ойлай алатын адам олардың шешімін тауып, сол шешімдерді практикада қолдана біледі. Бұл курстың өзектілігі де сол ойлау мен ойлай білетін, сезімге емес ақылға, белгілі бір білімге жүгінетін тұлғаларды тәрбиелеуге негізделген. Бүгінгі күні нақты технологияларға сүйенген қоғам үшін осындай жас ұрпақ өте қажет. Терең ойлай білген адам ғана өмірден өз орнын табады.

Курстың жаңашылдығы:

Әлеуметтік желі дамыған заманда дебаттардың да жүргізілу әдістері өзгере бастағаны, жаңашыл тұрғыда қадам басуы курстың басты ерекшелігі болып табылады. Осы тақырып төңірегінде оқушы ізденіп, ғылыми жұмыс жасауына ықпалы зор. Мысалы әлеуметтік желідегі постар, аудитория жинау, оны белгілі бір кәсіп көзіне айналдыру т.б.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылардың зерттеушілік қабілетін ояту, ғылыми жұмысқа баулу;
2. Көркемдеп сөйлеудің амал - тәсілдерін игеру;
3. Сөйлей білудің қалыптасқан жүйесін, сөз қолданыстарының қыр - сырын ұғынуға тиіс;
4. Теориялық білімдерін өмірде қолдана білу біліктерін қалыптастыру;
5. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;
6. Мәдениеті жоғары, адал, шыншыл, жауапкершілігі мол тұлға тәрбиелеу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дебаты. Искусство побеждать / П. Жданов. — Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2009. — 302 с.
2. «Дебаты»: от теории к практике : руководство / В. И. Куприянова, А. И. Назаров. — Хабаровск : Изд-во ДВАГС, 2009. — 101с.
3. Как побеждать в дебатах: пособие по Британскому (Всемирному) формату парламентских дебатов/ Стивен Л. Джонсон; [Перевод с англ. К. Шиманской, под научн. ред. С. Наумова] — Нью-Йорк, Лондон, Амстердам: IDEA, 2012 — 240с.
4. Т.В.Светенко. Путеводитель по дебатам. Е.Г.Калинкина. Дебаты на уроках истории. Дебаты: Учебно/методический комплект. — М.: Изд/во «Бонфи», 2001. — 296 с.
5. Риторика. Культура оратора / Е.Н.Абрашина. — Москва: МГПУ, 2011. — 186 с.
6. Дебаты: философско-педагогическая интерпретация: учебное пособие /- А.А.Шамшурин, под ред. Н.Б.Поляковой. — Ижевск: Издательский центр «Удмуртский университет», 2020. — 64 с.
7. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары /М.Б.Балақаев, жауапты ред. Ш.Ш.Сарыбаев. — Алматы: Ғылым, 1984. — 182 б.
8. Қазақ әдеби тілінің тарихы: оқулық / Р.Сыздықова. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 319 б.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы / М.Әуезов. — Ленинград, 1927.
10. Дебаты в Казахстане. Как появились и охватили всю страну. Ашық интернет желісі: <https://www.soros.kz/ru/debate-in-kazakhstan-how-appeared-and-covered-the-whole-country/>
11. Убеждай и побеждай. Секреты эффективной аргументации / Н.Непряхин. — Москва: Альпина Паблицер, 2012. -254 с.
12. Методическое пособие по ведению в Британском/Всемирном парламентском формате / Нил Харви-Смит [перевод А.А.Беляевой]. - Нью-Йорк, Лондон, Амстердам: IDEA, 2012.—208 с.
13. Дебат бағдарламалары Фонд Сорос Қазақстан Алматы «Рауан» 1999 ж.
14. С.Негимов «Шешендік өнер» А, 1997ж.
15. Г.Қосымова «Қазақ шешендік өнерінің негіздері» А, «Білім» 2003ж.
16. Қазақтың би-шешендері Алматы, 1997ж.
17. З.Қабдолов «Көзқарас». Алматы, «Рауан» 1996 ж.
18. Ш. Құдайбердиев. Шығармалар жинағы. Алматы, «Жазушы» 1988ж.
19. М.Мақатаев. Шығармалар жинағы. Алматы, 2002ж.
20. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2002ж.

Аптасына 4-сағат, барлығы 154-сағат

№	Тақырыптар	Сағат саны	Уақыты
1-2	Кіріспе . Пікірсайыс деген не?	2	05.09 06.09
1 бөлім. ПІКІРСАЙЫС ЖӘНЕ РИТОРИКА			
3-4	Шешендік өнердің дамуы. Адамзат өміріндегі маңызы.	2	07.09 08.09
5-6	Пікірсайыс тарихы: әлемдегі танымал пікірталастар	2	12.09 13.09
7-8	Халықаралық Пікірсайыс Ассоциациясы «IDEA» және оның құндылықтары	2	14.09 15.09
9-10	Пікірсайыстың қазақи тұрғысынан дамуы	2	19.09 20.09
2 бөлім. ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ НЕГІЗДЕРІ			
11-12	Ороторлық өнердің негізгі принциптері	2	21.09 22.09
13-14	Шешендік өнердің қағидалары	2	26.09 27.09
15-16	Қорқынышты жеңу технологиясы	2	28.09 29.09
17-18	Дауыс техникасы	2	03.10 04.10
19-20	Дикция	2	05.10 06.10
21-22	Интонация	2	10.10 11.10
23-24	Тэмп	2	12.10 13.10
25-26	Эмоция	2	17.10 18.10
27-28	Пікірсайыс «Этикасы»	2	19.10 20.10
29-30	Аудиторияда өзін-өзі ұстау мәдениеті.	2	21.10 22.10
31-32	Аудиториямен байланыс	2	26.10 27.10
33-34	Әділдік, шынайылық, құрмет	2	31.10 01.11
3 бөлім. ПІКІРСАЙЫС ЕРЕЖЕЛЕРІ			
35-36	Пікірсайыс ережесі туралы түсінік	2	02.11 03.11
37-38	Кэйс	2	07.11 08.11
39-40	Кэйс құру	2	09.11 10.11
41-42	Пікірсайыс тақырыбын анықтау	2	14.11 15.11
43-44	Тақырыпты анализдеу	2	16.11 17.11
45-46	Проблемалық блок	2	21.11

			22.11
47-48	БП Ұстаз құқығы бала құқығынан жоғары деп есептейді.	2	23.11 24.11
49-50	Пікірсайысшы кейсі	2	28.11 29.11
51-52	Кейс түрлері	2	30.11 01.12
53-54	Кейс құрылымы	2	05.12 06.12
55-56	Кейс дефинициясы	2	07.12 08.12
57-58	Кейс критерийі	2	12.12 13.12
59-60	Кейстің философиясы	2	14.12 15.12
61-62	Кейсті қорытындылау	2	19.12 20.12
63-64	Ойынға қатысушылардың қызметі	2	21.12 22.12
65-66	Төреші	2	26.12 27.12
67-68	Таймкипер	2	28.12
69-70	Пікірсайыс форматтары	2	02.01 03.01
71-72	Карл Поппер форматы КП	2	04.01 05.01
73-74	Парламенттік формат	2	09.01 10.01
75-76	Британдық парламенттік формат БПФ	2	11.01 12.01
77-78	Линкольн-Дуглас форматы ЛД	2	16.01 17.01
79-80	Президент-Демократ форматы (ПДФ)	2	18.01 19.01
81-82	Модификациялы формат (Модифицированный формат)	2	23.01 24.01
4 бөлім. ДЕБАТ АРГУМЕНТАЦИЯСЫ			
83-84	Аргументацияның структурасы	2	25.01 26.01
85-86	Дебат тезисі	2	30.01 31.01
87-88	Дебат тезисіне қойылатын талаптар	2	01.02 02.02
89-90	Дебат аргументі	2	06.02 07.02
91-92	Аргументацияның формалары	2	08.02 09.02
93-94	Аргументацияның түрлері	2	13.02 14.02
95-96	Демонстрация	2	15.02 16.02
97-98	Статистикалық демонстрация.	2	20.02 21.02

99-100	Логикалық демонстрация	2	22.02 23.02
101-102	Фактілік демонстрация	2	27.02 28.02
5 бөлім. ДЕБАТТАҒЫ КОНТРАРГУМЕНТАЦИЯ			
103-104	Дебаттағы контраргументация ұғымы	2	01.03 02.03
105-106	Контраргументация структурасы	2	06.03 07.03
107-108	Контраргументация деңгейлері	2	09.03 13.03
6 бөлім. ПІКІРСАЙЫС ТАКТИКАЛАРЫ			
109-110	Пікірсайыстағы «Мүдделер балансы» тактикасы	2	14.03 15.03
111-112	Пікірсайыстағы «Максаттарды талдау» тактикасы	2	16.03 20.03
7 бөлім. САРАПТАМА			
113-114	Сараптама түсінігі	2	23.03 27.03
115-116	Сараптама техникалары	2	28.03 29.03
8 бөлім. СҰРАҚ-ЖАУАП			
117-118	Сұрақтың максаты мен түрлері	2	30.03 03.04
119-120	Ұтымды жауап беру тактикасы	2	04.04 05.04
	Қарама-қарсы сұрақтар негізі	2	06.04 10.04
9 бөлім. ПІКІРСАЙЫС АЛАҒЫНА ДАЙЫНДЫҚ			
121-122	Ақпаратты дұрыс іздеу және тексеру жолдары	2	11.04 12.04
123-124	Ақпараттың сапасына қойылатын негізгі талаптар	2	13.04 17.04
125-126	«Ми шабуылы» технологиясы	2	18.04 19.04
10 бөлім. ТӨРЕШІЛІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ			
127-128	«Әділеттілік» қағидасы және төрешілік әдебі	2	20.04 24.04
129-130	Төрешілік түрлері	2	25.04 26.04
131-132	Шешімге әсер ететін факторлар және топты бағалау	2	27.04 02.05
133-134	Фидбек және төреші парағымен жұмыс	2	03.05 04.05
135-136	Спикерлік ұпай	2	08.05 10.05
11 бөлім. ПІКІРСАЙЫС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ РЕТІНДЕ			
137-138	Пікірсайысты пән және пән элементі ретінде қарастыру	2	11.05 15.05
139-140	Сабак барысында пікірсайысты ұйымдастыру	2	16.05
141-142	Пікірсайысты қазақ тілі мен әдебиет сабағында қолдану	2	17.05
143-144	Пікірсайысты тарих пәнінде қолдану	2	18.05

145-146	Пікірсайыстан кейінгі:рефлексия және бағалау	2	22.05
147-148	Пікірсайыс фелососфиясы нақыл сөздерде	2	23.05
12 бөлім. ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР			
149-150	Жануарларды спорттық және көңіл-көтеру мақсатында қолдануға тыйым салмайды.	2	24.05
151-152	Мектеп оқулықтарын электрондық оқулықтарға алмастыру керек.	2	25.05
153-154	Үздік спикерлерді марапаттау. Қорытындылау.	2	29.05